

Р.БЕРДІБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Кілт сөздер: Балалар әдебиеті, Р.Бердібай, жанр, балалар поэзиясы, балалар прозасы.

Key words: children's literature, R. Berdibay, genre, children's poetry, children's prose.

Ключевые слова: детская литература, Р. Бердибай, жанр, детская поэзия, детская проза.

Балалар әдебиеті туралы анықтама бергенде, балалар әдебиеті— балаларға арналып жазылған әдеби шығармалар. Сондай-ақ, арнайы балаларға арналып жазылмағанымен, олардың ойлау, түсіну қабілетіне, талғамына, арман-қиялына әсер етіп, өзіне балаларды тартатын көркем шығармаларды да Балалар әдебиеті қатарына жатқызуға болады. Балалар әдебиеті — сөз өнерінің арналы бір саласы. Әдебиеттің бұл түріне жататын шығармалар оқиғасының қызықты да тартымдылығымен, композициясының ширақтығымен ерекшеленеді. Тілі жеңіл, көркем, түсінікті, айқын әрі әсерлі болуы тиіс. Балалар әдебиетінің негізгі мақсаттары: жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамыту, оларды адамгершілікке, отансүйгіштікке, т.б. ізгі мұраттарға баулу, деп түсінік беріледі. Бірақ біздің мақаламыз, балалар шығармашылығы емес, балалар әдебиетінің мәселелерінің Р.Бердібай зертеулерінде көрініс табуы жөнінде болмақ.

Р.Бердібаевтың ұлт қамын ойлап, сонау 1956 жылы «Қазақ әдебиеті» газетін үлкен рухани серпіліске түсіріп, елді елең еткізген «Ең үлкен мәдени байлық» деп, мақала жариялауы үлкен сенсация болатын. Дәл осы жылы басылым бетінде қазақ тілі, тарихы, мәдениеті, ұлт мектептерінің аянышты суреті жөнінде аса маңызды мақалалар басылып, жұртшылық пікірі кең көлемде көрініс тапқан еді. Қарапайым газет қызметкерінің мақаласы қазақ қоғамын дүр сілкіндірді. Мақалада қоғамда белең алып бара жатқан орыстандыру саясатына қарсылық білдірілген болатын. Ия, дәл осы кезеңнен бастап орыстандыру саясаты ашық түрде кең көлемде жүргізіліп жатқан. Ауыл мектептерін үздік бітірген балалар жоғарғы оқу орындарына түсе алмай, құлайтын болды. Себебі, оларға қабылдау емтиханы кезінде орыс тілінен шығарма жаздыру үрдісі ала бастаған. Осыдан кейін орыс тілінде шығарма жазу былай тұрсын диктанттың өзін қиналып жазатын қазақы ауыл баласының мүшкіл халін көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Міне бұл көрініс, ұлттың болашағы - балалар, деп есептейтін, жанашыр тұлғаның қоғамға қозғау салуы еді.

Қазақ әдебиетіне қатысты зерттеулерден, Р.Бердібай - балалар әдебиетін зерттеуші, деген тақырыпты кездестірмейсіз. Ғалымның фольклортану, әдебиет тарихының, теориясының және сын мәселелері, түркі руханиятына қосқан үлесі төңірегінде жүздеген мақалалар мен зерттеулері жариялануда. Алайда, ғалымның әдебиетте кенже қалып қоя беретін балалар әдебиеті мәселелеріне де ден қойғанын айтпай кетуге болмайды. «Жасөспірімдерге табиғат пен адам өмірін, тіршілігі сан түрлі құбылыстардың сырын ұқтыруға балалар әдебиетінің атқаратын қызметі аса үлкен. Тарихқа аты мәлім атақты музыканттар мен жазушылардың, қолбасылар мен жиһанкездердің, ойшылдар мен оқымыстылардың ешқайсысы да «бірден болған» емес. Орыстың данышпан ақыны А.С.Пушкиннің сегіз жасында алғашқы пьесасын жазғанын кім білмейді? Ал М.Ю.Лермонтов үш-төрт жасында ана тілімен қатар бірнеше тілде сөйлейтін болған. Жасы жиырма-отызға келгенде басқа бір тілді үйрену мен бала кезде үйренудің көп айырмасы бар. Немесе поезды, тракторды, автомашинаны, заводты сырттай тамашалау мен тәжірибеде солардың барлық ерекшелігін білу бір емес. Машина тілін білмеген адам оған өмір бойы қызықпай кетуі де мүмкін. Міне, осы себептерден де балаларға ерте бастан мәдениеттің, әдебиеттің, техниканың негіздерінен білім беру жұмысы аса зор жауапкершілікті керек етеді»[1, 67.]-деуінің өзі бала тәрбиесінің баспалдағы бар екенінің белгісі.

Кейде бір мақаланың жүгі ғалымның ғылыми тұғырын анықтап жататын болса, Рақманқұл Бердібаевтың «Суретті кітапшалар жайында» деген мақаласы да балалар әдебиетінің кейбір мәселелеріне жауап береді. Мәселен, «Орыс халқының ұлы ойшылы В.Г.Белинский бұдан бір ғасыр бұрын өзінің «Балалар кітаптары жайында» деген мақаласында: «Балаларға орыстың халық өлеңдерін, азын-аулақ үзінді жасай отырып Кирша Даниловтың ертегі өлеңдерін оқып беру өте пайдалы, тіпті қажет-ақ. Әдетте халықтық деген нәрсе тәрбие мәселесінде ұмыт болып жүр. Жасөспірімдер былай тұрсын, балалардың өзі де Корнель мен Расиннің трагедияларынан үзіндіні жатқа біледі, IV Генрих пен XIV Людовик жайында ондаған анекдоттар айта алады. Бірақ олардың өз

халқының поэзиясы, орыс әдебиеті туралы түсінігі де жоқ... Балаларға жалпы, бүкіл адамзаттық, дүниежүзілік білімнен мәлімет бергенде, оны оларға, негізінде ұлттық үлгілер арқылы таныстыруға талаптаныңыздар. Олар Генрихтардан, Карлдардан, Наполеондардан бұрын ұлы Петрмен ғана емес, III Иванмен де танысын. Жалпының өзі жекеден тұрады ғой. Кімде-кім өз отанын сүймесе, ол бүкіл адамзатқа да жат» деген болатын. Бұл сөздердің ақиқаттығын барлық халықтардың да тарихы анық дәлелдеп келеді»-деп, өз позициясын ұсынады.

Халқымыз жас нәрестенің дүниеге келуін қуаныш еткен. Баланы жұбату, ойнату, тәрбиелеу, оның алдына неше алуан тілек-мақсаттар қою өлеңмен, жырмен, көркем сөзбен айтылған. Өйткені «Адам – дүниені ұйымдастырушы, екінші -жаратылысты, мәдениетті жасаушы күш-қуаттың иесі, адам-жаратылыстың органы, жаратылыс оны өзін тану, өзін көркейту үшін туғызған, міне, балаларға осыны ұғындыру керек. Балалар алты – жеті жасынан ой-пікірдің кереметей күшін түсіне бастауға, әлеуметтік көріністердің мағынасын ұғынып, өз қасиеттерін тануға тиіс. Сондықтан балаларды өмірмен таныстырғанды, бұрынғы өткен заман туралы еңбек процестерінің және ой – пікірдің ұйымдастырған жұмысының бастапқы кезеңі туралы әңгімелерден бастау керек», - депті М. Горький. Ал, қазақ әдебиетінде Р.Бердібай «Балалардың ақыл-ойын, дүниетануын өсіруге ертегілердің мәні зор. Тіпті ертегілерді балалар әдебиетінің ең ежелгі нұсқасы деп атауға болар еді. Халық ертегілерінде дүниедегі жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, ерлік пен қорқақтық, жомарттық пен сараңдық, қулық пен аңғалдық сияқты қасиеттер мол ұшырайды. Оларда жас балаға сан түрлі түсінік беретін, сұрыпталған, ашық бояулы, есепсіз мол оқиға бар. Сол сияқты тұрмыс-салт жырларында да, кәсіпке байланысты туған өлеңдер де бала психологиясына лайық шығармалар көптеп табылады: тапқыр сөздер, тақпақтар, жаңылтпаштар т.б. Бірақ кейінгі жылдарда ауыз әдебиетінің тамаша байлығы балаларға жеткілікті дәрежеде ұсынылмай келеді. Фольклордың сан алуан үлгілері бастауыш кластардың ана тілі оқулықтарына мүлде аз енген» деп, тағы да мәселе көтереді. Демек, халық ауыз әдебиетінің пайда болуы, шығуы халықтың балаларға арнап айтқан өлең, жыр, ертегілерден басталады. Зерттеуші үшін әдебиет балаларға тек қана рухани азық — базарлық болып қана қоймай, рухани тәрбиеші де болса, қадірі арта түспек. Балаларға арналған шығармалар өмір оқулығы болуға тиіс. Жас баланың өзі тани алмаған, бірақ білуге құштарланған мәселелерін әдебиет үйретуі керек. Шығарманың тілі жеңіл, анық, түсінікті болсын. Жасанды сөз әсіресе балалар әдебиетінде зиян. Оқушының өз ойындай қарапайым, мөлдір, таза, фокусы жоқ тіл қажет.

Бір дегенің – білек,
Екі дегенің – елек,
Үш дегенің – үсік,
Төрт дегенің – төсек,
Бес дегенің – бесік,
Алты дегенің – асық,
Жеті дегенің – желке,
Сегіз дегенің – серке,
Тоғыз дегенің – торқа,
Он дегенің – оймақ, -
Он бір қара жұмбақ.

Осы тақпақ өлең екі бірдей қызмет атқарып тұр. Мұны жаттаған бала біріншіден, сан үйренсе, екіншіден, бірталай заттың атын біліп шығады. Міне, осы секілді тәсілмен қазіргі өмір шындығынан неше алуан тақпақ өлеңдер жасауға болар еді. Бұл мысалдарды алған себебіміз – жазушы, ақын балалар әдебиетінің ертеден бар үлгілерін дамыта отырып, жаңа заманға лайық шығармалар тудыра алатынын ескерту еді. Жоғарыдағыдай тақпақ ретімен «Бір дегенің – бірлік, Екі дегенің - ерлік» сияқтандырып, неше құбылтып, өнерлеп алып кетуге болмас па еді?-деуі, тағы балалар әдебиетімен айналысып жүрген ақын-жазушыларымызға жөн сілтеп, жол көрсетіп отырғанын байқаймыз.

Сондай-ақ, соғыстан кейінгі жылдарда қазақ балалар әдебиеті кең өркендеп, бұрын жазба әдебиетте балаларға арналған шығармалар саусақпен санарлықтай болса, қазір жағдай мүлде басқаша. Атап айтқанда, қазіргі кезде балалар жазушыларының тұрақты тобы пайда болды. Бұрын балалар әдебиеті дегенде – аузымызға түсетіні Ыбырайдың әңгімелері, Абайдың кейбір өлеңдері, совет жазушыларының рабайда бір ұшырайтын шығармалары болушы еді. Соңғы жылдарда балалар әдебиеті С.Бегалиннің, Б.Соқпақбаевтың, Н.Ғабдуллиннің, С.Сарғасқаевтың, М.Гумеровтың, Ә.Дүйсенбиевтің, М.Жаманбалиновтың т.б. шығармаларымен молая түсті. Сөйтіп балалар әдебиеті сын көтере аларлық, профессионалды дәрежеге жетті. Бірталай автор өздерінің алғашқы шығармаларын балалар өмірін суреттеуге арнап отыр. Демек, ендігі жерде қазақ балалар әдебиетінің

даму тенденциясы туралы пікір алысу қажеттігі туа бастады, дей отырып, балалар әдебиетін арнайы ғылым ретінде қарастыру қажет екенін ғалым Р.Бердібай 1957 жылы көтеріп, әдеби ұсыныс айтқан болатын.

Ғалымның балалар әдебиетінде ескеруі тиіс мәселеленің бірі –суретті кітапшалардың ерекшелігі болды. Қазақ тілінде шыққан суретті кітапшаларды оқып шыққан кісі біздің жазушыларымыздың әлі де болса, бұл мәселеге жете көңіл бөлмей келе жатқандығын аңғартады. Суретті кітапшалар, шынында, оңай, жеңіл-желпі іс емес. Бұл жазушыдан балалар өмірін, мінез-құлқын терең зерттеуді; оларды қызықтыратын, сұрауына жауап айтатын тақырып-тарды тандап алуды, педагогика, дидактика принциптерін жете білуді талап етеді. Әзірше қазақ жазушылары суретті кітапшалар жасаудың ең бастапқы сатысында ғана жүр. Тақырыптың кедейлігі таңқаларлық. Өңделген халық әңгімелері мен бүгінгі өмірге арналған бірен-саран кітапшадан басқа табысымыз шамалы. Ендігі жерде балалар өмірін жан-жақты, әсерлі көрсететін шығармалар қажет. Біздің жазушыларымыздың қазіргі ұстанған әдісі, педагогика тілімен айтқанда, дедукциялық әдіс төңірегінде ғана жүр. Өмір құбылысын жалпылама алып көрсетушілік басым. Әрине, балалар әдебиетінде бұл да керек. Бірақ жас оқушыларға арналған әдебиет әртүрлі ғылыми әдіске негізделуі тиіс. Жекеден жалпыға, оңайдан қиынға, жеңілден ауырға тәрізді т.б. принциптерді қолдану қажет.

Р.Бердібай зерттеулеріндегі ескеретін жайт қандай да бір ой айтса да, халықтың даналығы мен ұлттың қазынасын насихаттауды ұмытпайды: Суретті кітапшалар оқушыны ана тілін ардақтауға ерте бастан үйретеді. Бала кезінде әжесінен, не басқа біреуден естіген қызық әңгімелер кімнің есінде қалмайды? Ертегілерде кездесетін неше түрлі таусоғар, желаяқ, көлтаусар, желден жүйрік арғымақ, ұшқыш кілем, самұрық құс кімнің қиялына қозғау салмаған? Аңыз әңгімелердегі керемет теңеулер, ашық эпитет, ғажап гипербола тіл өнеріне деген ықыласты күшейте түспеп пе еді? Қырық күншілік жолға бір-ақ күнде жететін тұлпар, жердің жеті қабатына түсіп мақсатын орындап шығатын өжет ерлер, жердің ол шеті мен бұл шетіне дейін бақыт іздеген еңбекші балалары – ауыз әдебиетінің жемісі, халық даналығы еді[2.65].

Балалар әдебиеті – әдебиеттің жеке арнасы, ол жалпы әдеби процесстерен байлығына болды. Әдебиеттің бұл саласының тәрбиелік, танымдық, тағылымдық, қоғамдық мәндері айрықша, өйткені жас ұрпақтың өнегелі, тәрбиелі, білікті де білімді азамат, жеке тұлға болып қалыптасуы сияқты зорқоғамдық міндеттерді атқаруға белсене араласады. Сыншы Р.Бердібай көпшілік сыншылар бара бермеген балалар әдебиетінің өкілдері туралы жазған. Олардың әрқайсысының өмірінің елеулі тұстарына, шығармашылықтарының ерекшеліктеріне тоқталып, әділ баға берген. Қазақ балалар әдебиетінің «жөк» емес, «бар» екенін дәлелдеген сыншы. Әрбіреуі «осылай ма еді?» деген ойға қалдыратындай ақындарды танытуы – азаматтығы десек болар. Сыншының ақын Өтебай Тұрманжанов туралы ойларын жүйелесек, ақын тұлғасы биіктеп шыға келеді. «Ө.Тұрманжановтың творчестволық жолын шолып қарасақ өзінің негізгі жанры мен іздену өрісін ерте бастан анықтап алған үлкен мақсаттылықты көреміз. Ол ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы, өңдеуші, насихаттаушы есебінде де бір кісідей іс тындырған. Өзгелерін айтпағанда, ауыз әдебиетінің інжу-маржаны – мақал-мәтелдерді жинап жариялауының өзі өшпес мәні бар еңбегі дер едік. Өтекең поэзиясында еңбекшіліктің үлгісі ретінде бал арасының, тынымсыз әрекетін жиі суреттеп, оны балаларға ғибрат етіп ұсынатынын білеміз. Шындығында, Өтекеңнің өзі де халықтың даналық қазынасынан ерінбей нәр жинайтын, ізденуден, үйренуден жалықпайтын нағыз еңбекші суреткер. Саналы өмірін адам тәрбиесіне бағыштаған азамат қайраткер өмірдің асыл мұраты мен мәні туралы айтуға әбден хақы бар»-деп, мақсаты айқын ақынның болмысын ашып береді. Ө.Тұрманжановтың өлеңдерінде үлкен заманалық ойлар мен идеяларды әлеуметтік поэзия деңгейінде көтеріп жырласа, екінші жерде төтелей үгіт-насихат айтады, енді бір тұста мысал түрінде өрнектейді. Бірақ түптеп келгенде азаматтық, саяси поэзиясының да, дидактикасының да, мысалдарының да құятын арнасы біреу – ол жас қауымды адамдық кәметке жеткізу, болашаққа болымды ұрпақ тәрбиелеу мүддесі екенін саралап жеткізеді.

Ойымызды қорыта айтқанда, қазақ балалар әдебиетінің қалыптасуы мен дамуы халқымыздың әдеби мұралары сияқты халықпен бірге жасасып, жалғасын тауып келеді. Алайда, балалар әдебиетінің маңызды мәселелері төңірегінде ауқымды ой тастап, қазақ баспасөзіне ашық пікірін білдіріп отырған батыл қалам иесі Р.Бердібай еңбектерінің орны айрықша екенін бүгінгі ұрпақ білуі тиіс.

Пайдаланган әдебиеттер:

1. Бердібаев Р. Суретті кітапшалар жайында (1957ж.). /Әдебиет сынының көкжиегі.Түркістан 2006 - 554 б.
2. Бердібаев Р. Ғибратшыл өлең шебері. (1970ж.). /Әдебиет сынының көкжиегі.Түркістан 2006 - 554 б.

R. Berdibay and modern kazakh children's literature

Summary

Children's literature, which is a separate part of our literature are still in need of research. In this connection, scientific articles on the children's literature of academician R. Berdibayuly are analyzed in this article.

Р.Бердибай и современная казахская детская литература

Резюме

Детская литература, которая является отдельной частью нашей литературы, все еще нуждается в исследований. В связи с этим анализируются научные статьи по детской литературе академика Р. Бердибайулы.